



№6 (156), 2021
(Маусым-Июнь)

МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.

Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно

(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

М. КӘРІМ

Балалар психологиясының ерекшеліктері.....3

Н.К. ДЕШ

Психолого-педагогическое сопровождение школьников с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования6

Т.Д. ЗАКОРА, Л.Ш. АБУЛОВА, А.К. КУТУБАЕВА, Г.Ж. БАБУЛОВА

Специфика семейного воспитания в условиях дома юности.....10

Д. КАЙСАГАЛИЕВА

Отбасы құндылықтары және ұлттық тәрбие13

Қ. АҚКӨЗОВА

Ойыны қанбаған бала сабақ оқи ала ма?15

Н. ИЛИЯСОВА

Мектеп психологтары қызметінің пандемияға байланысты онлайн форматта кездесетін тиімді және тиімсіз жақтары.....17

Ж. НАЙМАНОВА

Жарысқа қатысатын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету.....19

А. ИСМАГУЛОВА

Оқушының оқуға деген қызығушылығын қалай тудыруға болады?.....21

Ж. ИРГАЗИЕВА

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған тренинг-жаттығулар22

А. АДИШБЕКОВА

Адам бойындағы қасиеттерді дамытуға арналған тренинг-жаттығу24

Б. БАҚТЫҒАЛИЕВА

Ата-ана мен баланың арасындағы өзара қарым-қатынасты арттыру тренингі26

Б. СИХОВА

Жас мамандарға арналған психологиялық тренинг.....29

Ж. БИСЕНОВА

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психологиялық тренинг-сабақ33

А. БЕКЗАДИНОВА

Психологический тренинг для учащихся.....35

А. КАСЕНОВА

Менің сүйікті мамандығым және инновациялық әдіс-тәсілдерім41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор –

Ақнұр ОЛЖАЕВА

Ғылыми редактор –

Құбығұл ЖАРЫҚБАЕВ

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10964-Ж куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды

02. 06. 2021 ж.

Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 320.

Редакцияның

мекен-жайы:

050036, Алматы қаласы,

Мамыр-2 ы/а, 13-7.

Тел/факс:

8 (727) 255-72-94.

Ұялы тел: 8 777 194 94 58,

8 777 303 37 67.

Эл пошта:

pedagog-ltd@mail. ru

Журнал <<Print House GERONA>> типографиясында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және

беттеуші:

Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Қ. Жарықбаев – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰУ)

О. Саңғылбаев – психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰПУ)

М. Перленбетов – психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

Б.Р. Кадыров - д.пс.н., профессор (Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

М. П. Кабакова – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

Ш. Сатиева – психол. ғ. к., проф. (Семей, «Семей ун-т»)

Ә. Көкебаева – психол. ғ. д., проф. (Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

Б. Елеусінов – проф. (Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

Б. Бейсекеева – педагог-психолог (Павлодар обл.)



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілермен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателіктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.



Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотографии не рецензируются и не возвращаются.

Главный редактор –
Акнур ОЛЖАЕВА
Научный редактор –
Кубигул ЖАРИКБАЕВ

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК.
Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 02. 06. 2021 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақаланызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Балалар психологиясының ерекшеліктері

М. КӘРІМ

Психологиялық көмек адам өмірінің барлық кезеңдерінде қатар жүретін уақыт жетті. Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қызмет құру қажеттілігі басқа түскен қиыншылықтарды кеңінен шешуге қабілеттілігі дәлелденді.

Бала психологиясы – жас ерекшелігі психологиясының негізгі бөлігі. Ол адам өміріндегі тұтас бір кезең болып табылатын балалық шақтың психикалық даму заңдылықтарын зерттейді. Жас ерекшелігі психологиясының іргетасы болған бала психологиясы XIX ғасырдың аяғында дербес пән ретінде өмірге келді. Бала психологиясының негізін қалаған – неміс ғалымы В. Прейер. Ол бала психологиясын зерттеуде тұңғыш рет интроспекция әдісінен объективті бақылауға өтуді жүзеге асырды. В. Прейердің «Бала жаны» атты кітабы бала психологиясын жүйелі зерттеуді бастап берген психологиялық еңбек болды.

Бала психологиясы – балалық шақтағы психикалық дамудың жалпы заңдылықтарын онтогенезде ашу, осы дамудың жас кезеңдері мен оған өту себептерін анықтау. Бала психологиясы үшін басты мәселе – баланың психикалық дамуының факторларын, психикалық даму шарттарын түсіндіру. Психология ғылымында баланың психикалық дамуын түсіндіретін теориялар шартты түрде 2 үлкен бағытқа бөлінеді.

- 1) биогенетикалық;
- 2) социогенетикалық.

Бала психологиясы баланың дүниеге келгеннен мектепке барғанға дейінгі уақыт аралығын қамтиды.

Психологиялық ағартушылықтың негізгі мағынасы тәрбиешілер мен ата-аналарды баланың психологиялық дамуына жайлы жағдай жасаудың негізгі заңдылықтары мен шарттарымен таныстыруда жатыр.

Ағартушылық жұмыстың тақырыптық мазмұны ата-аналар мен тәрбиешілердің қалауынша болса, психологтың да қалауынша болуы мүмкін. Психологиялық алдын алу баланың даму процесі, қандай да дағдыларының қалыптасуы, пайда болған қиыншылықтары туралы уақытында хабарлауды қарастырады.

Психологиялық диагностика – бұл балаларды МДМ болған уақыт ішінде тереңдетілген психолого - педагогикалық тұрғыда бақылау, олардың оқыту және тәрбиелеу үрдісі кезінде жеке мүм-

кіндіктерін анықтау, педагогтарға ұсыныстар жасау және ата-аналарға тәрбиелеу, оқыту және дамуға байланысты сұрақтарды шешуге жәрдем көрсету. Диагностика әңгімелесу, бақылау, сауалнама алу, баланың шығармашылығын талдау, тестілеу түрінде өткізіледі.

Дамыту және психотүзету жұмыстары өз жұмысында балалармен, ата-аналармен, тәрбиешілермен толық құнды психологиялық және тұлғалық дамуды қамтиды. Топпен, жеке, тренинг сабақтар, дарынды балалармен жұмыс, мектепте оқуға даярлау жұмыстары жүргізіледі.

Ақыл-кеңес беру жұмысы ата-аналармен және педагогтармен ұсыныс жасау түрінде өтеді. Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларда кеңістік, уақыт, сан туралы қарапайым түсініктері қалыптаса бастайды.

Үлкендер баланың белсенділігін қолдап, ынталандырып отырумен қатар, әр кезде қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек. Өйткені бала айтылған ескертулерді ескере бермейді, сондықтан үлкендер қауіпті жағдайлардың алдын алу шараларын ұмытпағаны жөн.

Сана-сезім дамыту мен «Мен» деген өзіндік ерекшелігін белгілеу жеке тұлғалық дамытуды ынталандырады. Балақай өзінің кім екенін, қандай екенін сезіне бастайды. Өзінің мінез-құлқына және үлкен адамдардың әлеміне қызығушылықпен саналы түрде қарап, қоршаған ортаға байланысты баланың өзінің ішкі көзқарасы қалыптасады.

Балалармен үйде өткізілетін тіл дамыту сабақтары қызғылықты ойын түрі ретінде өткізілуі тиіс. 3 жастағы балаларға арналған үйдегі тіл дамыту ойындары мынадай бағыттарға бөлінуі керек: 1) баланың ойлау қабілетін дамыту; 2) баланың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту; 3) тілдік сезгіштігін дамыту; 4) грамматикалық қателердің алдын алу; 5) өз ойларын байланысты түсіндіре алуын дамыту; 6) барлық дыбыстарды дұрыс айтуға арналған артикуляциялық аппаратты дамыту.

Жас ерекшелік анатомиясы мен физиологиясы нерв жүйесінің дұрыс жетіліп нерв қызметінің дамуы – жұмыс істеуі психикалық дамудың маңызды шарты. Балалардың психикалық дамуы, даму заңдылықтары баланың эмоциялық ерекшеліктерін, бейімділігімен ынтасын білу, балабақшадағы оқу - тәрбие жұмысының маңызды шарты болып табылады.

Баланың барлық іс-әрекеті үлкендерден өзгеше қалыптасады. Мәселе оның білімін үлкендердің білімімен салыстыруға болмайтындықтан емес, қарапайым күнделікті бақылауларынан баланың сезінуі, ойлауы үлкен кісілердей емес екендігін білеміз. Сәбидің сезімдері күшті, бірақ көбіне тұрақсыз болулары мүмкін. Бүгін құш-

тар болған нәрсенің ертең ұмытып кетуі ғажап емес. Үлкендердің астарлап сөйлегенін балалар түсіне бермейді. Жас бала өзін қызықтырмаған істі зорлап орындай алмайды.

Үлкендер кейде баланың «ақылына» таң қалады. Шынында бұл жердегі құпия ақылда емес, табысқа тез жетуде, бала кеше қолынан келмегенді бүгін үйреніп, үлгермегендігінде жатыр. Олардың барлығы да дамудың бір кезеңдерінен, сатыларынан өтеді. Осы жағдайларды ескеріп тәрбиешінің балалармен жұмыс жасауы тәрбиешінің білімділігін талап етеді.

Норма бойынша 4 жасқа келген бала ішінде, үстінде, астында, жанында, артында, алдында, арасында деген ұғымдарды дұрыс қолдана білуі тиіс. Бірақ кейбір балалар арнайы тіл дамыту сабақтары мен ойындары болмаған жағдайда мекен үстеулерді қолданғанда қиналғанды немесе оларды шатастыра береді.

Балаларға бұл мекен үстеулерді дұрыс қолдануға үйретуде тіл дамыту ойындарын қолдансаңыз оңайға түседі. 3-4 жасар балалардың барлығы ойнауды жақсы көреді және ойнап отырып жақсы ұғып алады. Ең жақсы көретін ойындары – жасырынбақ. Бұл бәрімізге белгілі, қызықты, көңілді ойын арқылы мекен үстеулерді қолдануға тез үйретуге болады.

Дамуға қатысты факторларды әр жастағы балалардың ерекшеліктерін өзара салыстыра отырып алуға болады. Мұның екі жолмен яки бір баланы ұзақ уақыт бойы зерттеп, байқалған өзгерістерді есепке алып отыру жолымен, яки балалардың әр жастағы тобынан біршама көп балаларды алып зерттеп, әр жас арасындағы балалардың бір-бірінен қандай өзгерістерде болатынын анықтау жолымен жүзеге асуы мүмкін. Бала психологиясында жалпы психологияның негізгі әдістері жас ерекшеліктеріне орай өзгертіліп қолданылады. Мысалы: бақылау мен эксперимент (лабораториялық, табиғи, қалыптастырушы) және тестер, әңгімелесу, іс-әрекет нәтижесін талдау, т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларды зерттеу үшін сұрақ әдісі көп қолданыла бермейді.

Әдетте, төрт жасқа дейін сұрақ балалар заттарды немесе олардың бейнесін көрсетіп тұрып жауап беретіндей етіп қойылады. Картина бойынша сұрақ қою оған мысал бола алады. Оның мақсаты – баланың картинада бейнелеген заттың көлемін және олардың арақашықтығын бақылай білуін анықтау. Бірнеше картинада көлемі де, арақашықтығы да әр түрлі екі-екіден шыршаның суреті салынған. Балаларға: «Үлкен шыршалардың суреті қай картинада?»

Қайсысында кішкентай шыршалар салынған? Қандай шыршалар бір-біріне жақын орналасқан? Қандай шыршалар бір-бірінен

қашық орналасқан? Қай картинада бірдей шыршалар салынған?» деген сұрақтар қойылады. Балалар бірде ана, бірде мына бейне-леулерді көрсетіп жауап береді.

Педагог-психолог жұмысының негізгі бағыттары психологиялық ағартушылық, психологиялық алдын алу, психологиялық және психо-педагогикалық диагностика, дамыту және психотүзету жұмыстары, психологиялық ақыл-кеңес беру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсенова Ж.Қ., Нығметова Қ.Н., Балалар психологиясы: оқулық: - Алматы, - 2012.
2. Эльконин Д.Б. Детская психология: учебное пособие: - 6-е изд., стер. – М. - 2011.
3. Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров: под общ. ред. А.С. Обухова. – М., - 2014.

Психолого-педагогическое сопровождение школьников с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования

Н.К. ДЕШ

Особое внимание в ежегодном Послании Главы государства народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» уделено социальной сфере. Во всем цивилизованном мире общество пришло к пониманию, что в соответствии с общечеловеческой моралью и требованием социальной справедливости – дискриминация детей в образовании недопустима. В соответствии с Государственной программой развития образования в нашей стране с 2011 года поэтапно внедряется инклюзивное образование. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года, согласно пункта

1.1 «Обеспечение доступности и инклюзивности образования».

Психолого-педагогическое сопровождение – это комплексная система педагогических мер по созданию всеми субъектами образовательного процесса социально-психологических и педагогических условий для оказания помощи и поддержки ребенка с особыми образовательными потребностями в решении задач его развития, обучения, воспитания и социализации в инклюзивном образовательном пространстве.

Основные задачи коррекционной работы предусматривают – систематизацию знаний, направленных на повышение общего уровня развития ребёнка, восполнение пробелов его предшествующего развития и обучения, развитие недостаточно сформированных умений и навыков, коррекцию отклонений в познавательной сфере ребёнка, его подготовку к адекватному восприятию учебного материала. Коррекцию личностных качеств, коррекцию познавательных возможностей, формирование и развитие коммуникативной функции речи, коррекцию сенсорных и двигательных недостатков, коррекцию сохранённых психических функций: внимания, восприятия, памяти, мышления с учетом зоны ближайшего развития, коррекцию общей моторики, мелкой моторики рук, артикуляционной моторики, коррекцию эмоционально-волевой сферы, обеспечивающей адекватное восприятие действительности, подготовку к самостоятельной трудовой деятельности в условиях социума. Особенности коррекционного воздействия на ребёнка зависят от характера, имеющегося у него дефекта, от возрастных и компенсаторных возможностей ребёнка, от условий жизни и воспитания ребёнка. Это свидетельствует о необходимости ранней диагностики отклонений в развитии, поскольку, чем раньше будет выявлен дефект развития ребёнка, тем более эффективной будет коррекционная работа по его преодолению. Важно учитывать не только то, что дети знают и могут выполнить в момент исследования, но и их возможности в обучении – «зону ближайшего развития».

Большую роль в коррекционной работе играет наглядность, демонстрационный материал, игры, опорные таблицы, предметно-практическая деятельность, рассматривание картин и рисунков, показ образца задания и способа выполнения, видео и аудио материала, знаково-символическое моделирование, схемы описательного характера.

Также очень важно применять – творческие упражнения, лого-

сказки, подражательно-исполнительские и творческие упражнения, вопросно-ответные игры, моделирование – это всё создаёт возможности для формирования пространственных представлений, умения сравнивать и обобщать предметы и явления, анализировать слова и предложения различной структуры, развития навыков планирования собственной деятельности, контроля и словесного отчёта.

В ходе коррекционной работы с детьми на занятиях я использую специальные упражнения, направленные на развитие:

- **двигательной сферы, укрепление мышц кисти рук, мелкой моторики пальцев** (лепка из пластилина, развязывание и завязывание узелков, обводка по контуру, штриховка и др.);
- **ориентировки в пространстве** (определение правой и левой стороны у себя, в зеркале, на картинке, ориентировка на плоскости листа бумаги, симметричное дорисовывание предмета);
- **памяти** (выкладывание узоров по памяти, учить приёмам запоминания и др.);
- **всех видов мышления;**
- **развитие сенсорных способностей ребёнка;**
- **активизации познавательной деятельности;**
- **всех видов речевой деятельности.**

Коррекционная работа на занятии не должна сводиться только к развитию отдельных психических процессов, формированию определённых умений и навыков, она должна быть направлена на коррекцию всей личности.

Исходным в моей работе по развитию пространственных ориентировок является осознание детьми схемы собственного тела, определение направлений в пространстве, ориентирование в окружающем пространстве, определение последовательности предметов или их изображений.

Следующее по сложности задание – вычленение одного из звеньев в цепи однородных предметов, изображений, графических знаков. Часто используются такие игровые задания и упражнения: «Чего не хватает на этих рисунках?», «Какие предметы спрятаны на рисунках?», «Лабиринты», «Установи последовательность». Коррекционные упражнения, способствующие развитию памяти: «Заучивание 10 слов», «Ряд знаков, предметов», «Что изменилось», «Беспорядок», «Подбери другое слово» цель: тренировка произвольной слуховой, зрительной, моторной памяти. Коррекционные упражнения, способствующие развитию мысли-

тельных процессов: «Разрезные картинки», «Исключение лишнего», «Найди сходство и различия», «По каким признакам можно объединить предметы». Цель: формирование приёмов синтеза, анализа, обобщения, исключения, развитие наглядно-образного, практически-действенного, словесно-логического мышления. Коррекционные упражнения, на развитие связной речи: «Группировка предметов по общему признаку», «Подбор предметов по данному обобщающему понятию», «Исключение слов, не относящихся к данному понятию», «Составление предложений на основе образца», «Составление предложений с данным словом», цель: формирование речевой активности, организация речевой практики, обучение речевой деятельности, формирование понятий. Коррекционные упражнения, на развитие моторики: «Дорисовывание симметричной половины изображения», «Упражнения на воспроизведение статики движений (праксис позы)», «Упражнения на развитие динамической организации движений», «Пальчиковые игры» (с речевым сопровождением; разведение и сведение ладоней; поочерёдная смена положений рук, без речевого сопровождения). Коррекционные упражнения, на развитие слухо-зрительно-моторной координации: «Упражнение на воспроизведение ритмических структур», «Узнавание ритма с опорой на зрительную модель», «Воспроизведение ритма». Коррекционные упражнения на фонетическом уровне: «Артикуляционная гимнастика», «Чтение слоговых таблиц» (отраженное воспроизведение, последовательное чтение, чтение вразбивку), «Узнавание звуков», «Определение наличия звука», «Подбор слов на заданный звук», «Добавление в слово недостающего звука», «Цепочка слов». Цель: развитие звукового анализа слов, развитие фонематического восприятия, дифференциация фонем, имеющих сходные характеристики.

Все вышеперечисленные методы и приёмы организации обучения в той или иной степени стимулируют познавательную активность учащихся с ООП. Таким образом, применение активных методов и приёмов обучения повышает познавательную активность учащихся, развивает их творческие способности, активно вовлекает обучающихся в образовательный процесс, стимулирует самостоятельную деятельность учащихся. Разнообразие существующих методов обучения позволяет психологу (учителю) чередовать различные виды работы, что также является эффективным средством активизации учения. Переключение с одного

вида деятельности на другой, предохраняет от переутомления, и в то же время не дает отвлечься от изучаемого материала, а также обеспечивает его восприятие с различных сторон. Средства активизации необходимо использовать в системе, которая, объединив должным образом подобранные содержание, методы и формы организации обучения, позволит стимулировать различные компоненты учебной и коррекционно-развивающей деятельности у учащихся с особыми образовательными потребностями.

Специфика семейного воспитания в условиях дома юношества

**Т.Д. ЗАКОРА,
Л.Ш. АБУЛОВА,
А.К. КУТУБАЕВА,
Г.Ж. БАБУЛОВА**

Современная молодежь в наше время не спешит создавать семьи, т.к. на пути к осуществлению своей мечты они терпят неудачу, не имеют четких представлений, достаточного объема знаний, умений и навыков о самостоятельной жизни, способах взаимодействия с окружающим миром. У воспитанников дома юношества нет живого примера образцовых семей, чтобы они могли правильно выбрать образ и идеал положительной семьи.

Проводятся часы беседы, просмотры фильмов, с использованием различных форм и методов как групповых, так и индивидуальных:

- метод моделирование проблемных ситуаций;
- метод сотворчества, позволяющий воспитателю стать не только организатором мероприятия, но и его участником;
- игровой метод;
- метод творческих возможностей;
- индивидуальный.

Но воспитываясь вне семьи, после выпуска из дома юношества, воспитанники не всегда умеют применять полученные знания на практике. Естественно, что в глубине души каждый воспитанник мечтает о хорошей семье.

Как помочь воспитаннику Дома юношества успешно адаптироваться к самостоятельной жизни и создать благополучную семью?

Воспитание – главный приоритет страны и общества. И будущее Казахстана определяется уровнем их воспитания и обучения, физического и духовного развития, гражданского становления.

Цель: способствовать формированию у воспитанников Дома юношества семейных ценностей и подготовка их к будущей семейной жизни.

Задачи:

- воспитать у подростков позитивное отношение к благополучной семье;
- развивать умения и навыки правильного построения внутрисемейных взаимоотношений;
- формировать у подростков традиционное представление о семейных ролях, функциях семьи и ее ценности;
- корректировать у воспитанников взгляды на семейное неблагополучие.

Педагогический коллектив руководствуется: Конституцией РК, Конвенцией о правах ребенка, Законом РК «Об образовании, Законом о проживании детей в Домах юношества».

Предполагаем, получить следующие результаты:

- повысить уровень знаний воспитанников о семейных ролях, функциях семьи и ее ценностях;
- формируются позитивные изменения в отношении воспитанников к семье;
- формируется умение управлять своим эмоциональным состоянием.

Семейное воспитание детей в условиях Дома юношества – это одна из наиболее важных, актуальных и сложных проблем воспитательного процесса.

Семья – это дом, папа и мама, дети, общие заботы, радости и дела. Именно в семье формируются первые представления о той или иной социальной роли: отца, матери, друга, соседа и т.д. Представления у детей-сирот, поступивших в дом юношества в основном из неблагополучных семей, существенно искажены. Они создают свой, часто неверный, образ той или иной роли.

В Доме юношества воспитываются юноши и девушки, поступившие сюда из детских домов и по разным причинам. Дети, которые никогда не видели родителей или же родители, которых лишили родительских прав. Каждый приходит со своей трагедией в семье и у каждого отложился свой отпечаток представления о семье. Некоторые на примере своей семьи создают такую же аналогичную семью. В доме юношества педагогический коллектив старается помочь каждому воспитаннику дать всевозможные знания о положительной семье. Семья и семейные ценности – это важнейший фундамент, на

котором строится жизнь любого человека. Формирование личности начинается именно в семье. Что же важнее всего в семье? Очень трудно и однозначно ответить на вопрос. Любовь? Взаимопонимание? Забота и участие? Или строгое соблюдение семейных традиций? А может быть самоотверженность и трудолюбие? Всё это неразрывно связано между собой.

Дети, которые воспитывались в семье, но их родители умерли, сохраняют добрые отношения к семье, и опосредованно пример членов семьи, в которой они были, оказывает на них существенное влияние.

Дети, родители которых живы – социальные сироты и на них до сих пор оказывает влияние семья, хотя они живут не с ней.

Дети, конечно же, понимают всю сложность жизни своих семей. Но в то же время, ощущения наличия родителей, стремление к ним в какой – то степени создают особые условия, при которых дети ищут оправдание поведению своих родителей, ищут то, что дает им возможность сформировать искаженное представление об окружающих людях. Они стремятся в свою семью, часто осознавая сложность ситуации: с одной стороны пребывание в семье является для них тяжелым, а с другой стороны, они рады, что у них есть близкие люди.

Так используя форму «моделирование ситуаций», воспитанники учатся принимать правильные решения, меняя свое негативное отношение, и закрепляя позитивное. Используя различные направления, такие как «Как правильно выбрать вторую половинку», «Роль каждого в семье», «Семейный бюджет и кредиты», «Брак. Венчание», «Защита материнства и детства», «Семейные споры», «Отцовство», «Алименты и развод», «Любовь и быт»...

Семейные праздники: «Совместные праздники», «Настроение и встреча гостей», «Угощение и этикет»...

Анкетирование: «Готовы ли вы к созданию семьи», «Подходите ли вы друг другу?», «Образ второй половинки».

Практикумы: «Терпение и понимание», «Уют и комфорт», «Образы семейных отношений».

Игры: «Роль жениха и невесты», «Первое свидание», воспитанники учатся и имеют реальное представление о будущей семейной жизни.

Таким образом, у воспитанников формируется представление о семейных ролях, о семьянине, умеющем в дальнейшем создать свою нормальную семью, способную воспитать своих детей, умеющую ориентироваться в различных жизненных ситуациях.

Отбасы құндылықтары және ұлттық тәрбие

Д. КАЙСАГАЛИЕВА

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деп ұлттық жаңғырудың негізгі алғышарттарын айқындап берді. Демек, көне дәуірлерден бастау алатын, өзінің тарихи тәжірибесінен, игі салт, ізгі дәстүрлерінен мүлдем қол үзген қоғамда жаңғыру немесе жаңару мүмкін емес. Халқымыздың осындай тамыры терең тарихымен бірге жалғасып келе жатқан рухани байлықтарының бірі отбасы құндылықтары. Тіпті біздің рухани құндылықтарымыздың негізі де осы отбасылық дәстүрімізде жатыр десек қателеспеген болар едік.

Өкінішке қарай, қазіргі қазақ қоғамында отбасы құндылықтары құлдырауға ұшырап бара жатқаны ащы да болса шындық. Статистикалық көрсеткіш бойынша Қазақстанда неке құрған әр үш отбасының біреуі ажырасады екен. Мысалы, ресми мәліметтерге қарағанда, қалалық жерлердегі ажырасу деңгейі 40 пайыз болса, ауылдық жерлердегі деңгейі 27 пайызға жеткен. Соңғы бес жылда еліміздегі тіркелген некенің саны азайып, ажырасулардың саны көбейген. Ажырасулардың салдарынан елімізде толық емес отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалар саны жылына 40 000-нан асып отыр. Бұл жай ғана жалаң сандар емес, қазіргі қоғамдық дерттің көрсеткіші. Әсерінде қаншама адамның тағдыры бар. Әкесіз тәрбиеленген ұл мен қыздың тағдырына жалпы қоғам болып жауапты екенімізді ұмытпайық.

Енді бұл жағдайға қалай түстік? Жоғарыда айтып өткенімдей, отбасы құндылықтары мен ұлттық тәрбиенің дұрыс берілмеуінен деп білемін. Ұлттық тәрбиені әр адам өз отбасынан бастау керек. Ең бірінші бала тәрбиені отбасында алса, екінші мектептен, яғни ұстаздарынан алады. Егер мұғалімнің бойында ешқандай қазақилық салт-дәстүрді ұстанатыны сезілмесе, оны біз баланың бойына сіңіре алмаймыз. Өзіміздің бойымызда жоқ тәрбиені баладан талап ету мүмкін емес. Осы жерде бір әңгімемен бөліскім келеді. Ұстаз, ғалым, имам болған Абу Ханифаға бір ана баласын ертіп келіп: «Ұстаз, балама бал жемесін деп айтыңызшы», - дейді. Себебі, ол

сіздің шәкіртіңіз, сізді үлгі тұтып, айтқаныңызды бұлжытпай орындайды дейді. Сол кезде ұстаз анасына қырық күннен кейін келуін өтінеді. Анасы қырық күннен кейін келгенде Абу Ханифа балаға саған бал жеуге болмайды екен, денсаулығыңа зиян деп түсіндіреді. Сол кезде анасы таң қалып, бұл сөзді қырық күн бұрында айта алатын едіңіз ғой дейді. Ұстаз, қырық күн бұрын сіз келмей тұрып мен өзім бал жеп алған болатынымын дейді. Бұл әңгімеден түйетініміз өзіміздің бойымызда жоқ қасиетті баладан талап ете алмаймыз.

Отбасы құндылығы дегеніміз – бір-бірін жақсы көріп, қосылған жандардың отбасын сақтау үшін қолданатын ежелден келе жатқан салт-дәстүрі. Әрбір отбасының өз құндылықтары болады. Ол құндылықтар ежелден келе жатқан немесе жаңадан қосылуы мүмкін.

Мен өз отбасымның ережелерімен таныстырғым келеді. Отбасылық ережелер – бұл сіздің отбасыңыздың өз мүшелеріне қалай қарауды және қалай қарауды қалайтындығы туралы жағымды пікірлер. Ережелер сіздің отбасыңыздағы адамдарға өзгеруге көмектеседі. Олар отбасылық өмірді жағымды етеді. Сол ережені бұлжытпай орындауға тырысу керек. Менің отбасы ережелерінің бір бөлігі, бос уақытын да тиімді өткізіп, сүйікті іспен айналысу. Мен өз балаларымның бос уақытын ұлттық өнерге баулуға тырысамын. Мысалы, қол өнері, домбыра және күрес спорты. Ол ұлттық тәрбиенің бір бөлігі деп білемін.

Ұлттық мерекелерді атап өту де отбасылық құндылықтарды сақтауға көмектеседі. Мысалы, наурыз, көрісу айт, құрбан айт тағы да кейіннен қосылған мерекелерді де отбасылық дәстүрге айналдырып тойлау отбасы қарым-қатынасын нығайтады.

Дәл осындай отбасылық тәртіпті мектеп оқушыларының тәрбиесіне де қолдансақ болады. Мен қызметімде де қыз балаларға ұлттық тәрбие туралы көп әңгіме жүргіземін. Себебі қыз балаға қырық үйден тыйым деген сөз бар. Біз қыз балаларымызды дұрыс тәрбиелей отырып, ұл балаларымызды тәрбиелейміз. Себебі, еркекті төрге сүйрейтін де, көрге сүйрейтін де әйел деген сөз бар.

«Еліміздің ертеңі – жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп елбасымыз Н.Ә Назарбаев айтқандай, білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздар еңбегі зор. Бүгінгі қазақ мектептерінің алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, діл, дін ұлттық салт-дәстүрді сіңірту ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдер мен ата-аналарға байланысты.

Ойыны қанбаған бала сабақ оқи ала ма?

Қ. АҚКӨЗОВА

Қазіргі кезде баланы мектепке неше жасында берген дұрыс деген мәселе бар. Баласы есейіп кетсе де, өзі үшін әрдайым сәби болып қаларын ескермейтін ата-ана бес-алты жасқа келген баласын да мектепке беруге әлі кішкентай деп ойлайды, енді бірі перзентінің елгезектігі мен пысықтығына қарап, төрт-бес жасынан-ақ мектеп табалдырығын аттатуға асығады. Алайда қоғамда «мектепке барғың келе ме?» деп сұрап, баланың өз көзқарасын білгісі келетін ешкім жоқ.

Өмірде әр нәрсенің мөлшері болады екен. Көп жағдайда үш-төрт жасқа дейін белгілі бір деңгейде орындалған әрекетке ары қарай адам аса мұқтаж болмайды. Ал бала ойыны қанбай қалса не болады? Мектепте есіл-дерті далада болады, мұғалімнің не айтып, не қойып жатқанына ойын шоғырландыра алмайды. Қанша білікті мұғалім болса да, оның айтқанын қалай түсінуі мүмкін?

Бала жеткілікті түрде ойынын қандырғанын қалай білеміз? Ойынға тойған баланың миы жетіліп, танымы қалыптасады. Ал оның танымы қаншалықты дамығанын анықтауға швейцариялық балалар психологы Жан Пиаже ұсынған қарапайым тест көмектеседі. Мысалы әлі толық есін білмейтін балаға бүтін «жүз» теңгелік тиынды үш «бес» теңгелік тиынмен алмастырайық десеңіз, қуана келіседі. Себебі оның көзіне үш нәрсе көп болып көрініп тұр. Ал одан сәл ересектеу баланы бұлай алдау оңай емес, себебі ол көлеммен және санмен өлшенетін нәрселерді, он бес теңгеден жүз теңгенің көп екенін біледі, демек танымы қалыптасқан.

«Бала ойынмен өседі», «Ойын да баланың міндетті жұмысы іспетті» деп жатамыз. Бұл жерде қандай ойын туралы айтылып тұр? Қазір көпшілік ата-ана балаға бос уақыт қалдырмау керек деген пікірді ұстанып, оған өз ойында пайдалы деген әрекеттерден құралған күн тәртібін дайындап береді. Оған шет тілі сөздерін жаттау, спортпен айналысу, өнермен шұғылдану деген істер енгенімен, ойын ойнау деген пунктке өте аз уақыт белгіленуі ықтимал. Тіпті бұл тізімде ойын атаулысы жоқ болуы да ғажап емес. Болған күннің өзінде шахмат ойнау, пазл құрастыру деген секілді шартты

ойындар ғана болуы мүмкін. Бұлардың барлығы баланың пайдасы үшін жасалғандай көрінеді, әйткенмен көпшілік ата-ана бала үшін нағыз ойынның не екенін түсінбейді. Ондай қатаң режиммен баланы қатардағы жауынгерге айналдырып, балалық шағын ұрлау нағыз қауіп туғызарлық әрекет. Ойынның түр-түрі бар. Соның ішінде асық ойнау, футбол, волейбол, дойбы, лево құрастыру секілді баланың миын жетілдіруге тікелей септігі тиетін ойындарды ғана біз пайдалы деп есептейміз. Бұл ойындардың барлығында мақсат бар. Футболда қақпаға гол соғу керек, паззлды сыртында көрсетілген бейнеге сәйкес құрастыру қажет, егер құрастыра алмаса әлі миы жетілмепті деп алаңдаймыз. Танымы толық қалыптасуы үшін бала алдымен біз пайдасыз деп есептейтін нағыз пайдалы ойынға тоюы тиіс.

Бала үшін нағыз ойын деген не? Пайдалы ойында уақыт белгіленбейді. Сәби қай кезде кірісіп, қай кезде аяқтаса да өзі біледі. Ойында нақты «осылай істеу керек» деген шарт, мақсат болмайды. Жай ғана бала айналысып жатқан ісінен ләззат алуы тиіс. Құмары қанғанша өз еркімен ойнауы тиіс. Шын ойында ешқандай жеңіліс болмайды, яғни топқа бөлінбейді, мынау ұтты, ана команда жеңді деген сөз жоқ. Мұнда эмоциялық қысым жоқ, яғни ешқандай шарт, тапсырма берілмегендіктен межелі жерге жете алмадым деген қиналыс болмайды. Есесіне физикалық қауіп бар. Көбінесе мұндай ойынға аналар қауымы қарсылық білдіріп жатады. Яғни баласының әткеншектен құлап қалуын, ағашқа өрмелеп бара жатып сүрініп кетуі немесе құмда ойнап үстіндегі киімін, қарға шанамен сырғанап аяқ киімін бүлдіруі мүмкін екенін ойлап, шыбын жанын қоярға жер таппайды. Ешқандай жаманшылықты ойға алмай балаға барлығын байқап көруге мүмкіндік бергенде ғана ол ненің қауіпті, ненің зиянды екенін өзі түсіне бастайды. Кішкене кезінен бастап өз ойынын қалай ұйымдастыруына, өзінің мәселесін өзі шеше білуіне мүмкіндік бермесек, ол өскен соң қалайша үй тапсырмасын өзі орындап, уақытын жоспарлап үйренеді?! Мұның барлығы бейжай қарайтын мәселе емес. Бала жеңіс пен жеңілістен тұратын ойындарды да ойнап, оның дәмін сезінуі тиіс, алайда біз жоғарыда атаған нағыз шынайы ойындардың пайдасы мен маңызы басымырақ. Әрбір адам өз балалық шағын ой елегінен өткізсе пайдалы, ерікті ойынның қаншалықты маңызды екендігін түсінер еді.

Мектеп психологтары қызметінің пандемияға байланысты онлайн форматта кездесетін тиімді және тиімсіз жақтары

Н. ИЛИЯСОВА

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы, терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану психологтың біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не? Оның тиімділігі неде?

Қашықтықтан оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта Интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни Интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту. Осыған орай мектептерде онлайн, оффлайн және вебинарлар жүргізіледі. Бұл ретте вебинар барысында интернет желісі арқылы семинарлар мен тренингтер өткізіліп, мектеп психологтарының жоспар бойынша жұмыстары тоқтап қалмай уақытылы атқарылды.

Қашықтықтан оқыту мектептерде Республика, облыс, қала және мектеп кеңістігінде кең қолданыс табуда. Мектеп көлемінде айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата-аналар балаларының білім үлгерімін,

ал оқушылар үй жұмысын уақытында біліп отырады. Мұндай әдіс арқылы мектеп пен ата-аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді. Оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар Қазақстандық интернет олимпиадалар («КИО») өтеді. Мұндай Интернет олимпиадалар оқушылардың үлкен қызығушылығын танытады. Тапсырмалары қызықты, сан алуан және олимпиаданың ең тиімді жері – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бірден білулері болып табылады. Және де мектеп психологы осы күнделіктен оқушылар туралы толық ақпаратты ала алады. Жұмыс барысында ақ параққа алып жүрген сауалнамаларды Google дискке аударып, сол бойынша автоматты түрде нәтижесін шығарып өңдеп алуды да үйрендік. Көптеген семинарлар арқылы білімдерімізді толықтырып, жетілдірдік.

Ал енді осы онлайн форматтағы оқытудың тиімсіз жақтарына тоқтала кетсем.

Ғаламтор – ғылым мен техниканың шынайы жетістігі. Ол – сөзсіз. Ғаламторды қолдана алатын кез келген адам өзіне қалаған ақпарат пен мағлұматты тауып, қажетіне жарата алады. Ғаламтор – қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналған дүние. Тіпті, кейбіріміз ғаламторсыз өмір сүре алмайтын деңгейге жеттік. Адамдар ғаламтор арқылы көп жұмыстар атқарады. Компьютер, смартфон және тағы басқа құралдарды пайдалану арқылы өзіне зияны тиетінін түсінбейді. Ғаламторға деген тәуелділік қазір ғаламдық мәселеге айналып бара жатыр. Соның кесірінен адамдар арасындағы күнделікті байланыс бұзылып барады. Адамдар бір-бірімен сөйлесуді, әңгімелесуді, сырын бөлісуді ұмытып бара жатқандай. Жылы шырай танытып, шүлдірлеп сөйлесуден, жанды, табиғи қатынастан қалып барамыз. Ғаламтордың келесі зиянды тұсы – адамның денсаулығы. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы да нашарлай түседі. Өйткені ол қозғалыстан қалып, оның соңы бел, арқа, көз ауруларына әкелуі мүмкін. Одан бөлек, қазіргі таңда ғаламторда алаяқтар да көбейді. Олардан сақтанудың да қамын жасаған абзал.

Айта кететін бір жайт оқушыларды, ата-аналарды және де мектеп ұжымымен жұмыс жасау оффлайн форматтан гөрі онлайн жүргізген қиындық туғызады. Өйткені баланы көріп білу арқылы біз көптеген тұжырымдар жасаймыз. Көзбе-көз көру арқылы кез келген адаммен жұмыс жасау тез әрі оң нәтиже береді.

Оқушыларға бәсекеге қабілетті етіп тәлім-тәрбие мен білім беру

ұстаздар міндетіне жүктелсе, берілген білімді шыңдауға тәрбиенің нығаюына күш салып бірлікте жұмыс жасауда ата-ана көмегі үлкен орын алады. Сондықтан, ата-аналар осындай қиын-қыстау уақытында балаларымыздың білім алу үдерісін тоқтатпай сапалы білім беруге бірге күш жұмсайық.

Осы орайда мынандай кеңестер тізбегін айта кеткім келіп отыр:

- күн тәртібінде белгілі бір уақытты белгілеңіз. Күнделікті жұмыс күніндей ерте тұру, таңғы ас, физикалық жаттығулар;
- Белгілі бір жұмыспен балаларды бос қалдырмаңыз. (Мысалы сурет салу, кітап оқу, теледидар қарау);
- Балаға дос ретінде көңіл бөліңіз (бірге ас әзірлеу, сүйікті бағдарламаны қарау, әр түрлі тақырыпта кеңес беру/ қандай жағдайда болмасын балаға ұрысуға, бұйрық беруге болмайды!);
- Оқу кезеңі басталған жағдайда балаға керекті оқу-құралдарымен қамтамасыз етіңіз. (тыныш орта, керекті техника ноутбук, смартфон, ғаламтор (бірлік);
- Сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен үздіксіз қарым-қатынаста болу керек. Берілген тапсырмаларды орындауға жағдай жасау;
- Әр түрлі қиын тапсырмаларды шешу жолдарына бірге көмектесу керек.
- Құрметті ата-аналар, елімізде болып жатқан ауыр кезеңде бір-бірімізге қолдау көрсетіп, бір тәртіпке бағынайық. Тазалық шараларын сақтайық. Балаларымызға қамқор болып, барынша білім алуына жағдай жасайық.

Жарысқа қатысатын оқушыларға психологиялық қолдау көрсету

Ж. НАЙМАНОВА

Кез келген спортта үлкен жетістікке жету үшін физикалық тұрғыдан ғана мықты болу жеткіліксіз. Дене жатттығуымен қатар ой-өрісін кеңейтіп, сергек болуды көздесе, спортшының ойлау қабілеті өзгеріп, дұрыс шешім қабылдай алатын дәрежеге де жете алатыны айқын. Ақыл мен күш спортшы бойынан бірдей табылғаны саңылақтың жетістікке жетуіне кепілдік береді. Түптеп келгенде,

физикалық дайындық пен психологиялық тұрғыдан дайын болу жеңістің толық формуласына айналады.

Спортшы жарысқа психологиялық тұрғыдан қалай дайындалуы керек? Жарыс алдында немен айналысуы тиіс? Спортшылардың көбісі жарыста мақсатына жетпесе «Мен психологиялық тұрғыдан дайын болған жоқпын» дейді. Себебі, спортшылар жаттығуларына көңіл бөліп, физикалық күштерін жинайды. Әдіс-тәсілдерін қайталап, жоғары дәрежеге көтереді. Психологиялық дайындықтарына көңіл бөлмейді. Спортшы жарысқа дайындалып жүргенде жарыс туралы мәлімет жинауы тиіс. «Жарыстың дәрежесі қандай? Кімдер қатысады? Қай жаттықтырушымен барады? Қанша адам қатысады?» деген сынды сұрақтарға жауап іздейді. Содан кейін спортшы «Жарысқа не үшін барамын?» деп, мақсатын айқындайды. Көздеген мақсатына жету үшін дұрыс жол таңдау керек. Ең маңыздысы – осы.

Көп спортшы психолог көмегіне жүгінгеннен гөрі жаттықтырушы, бапкерлерге ішіндегісін айтумен шектеледі. Олардың психологтармен сырласпауының себебі неде деп ойлайсыз? Спортшылар және жаттықтырушылар психологты маңызды маман деп санамайды және бағаламайды. Спортшыға ең жақын адам – жаттықтырушы. Себебі, олар барлық уақытта, атап айтқанда, жаттығу, жарыс, жаттығу жиындарында бірге жүреді. Сондықтан спортшылар жаттықтырушыны қатты сыйлап, оларға сенеді. Ал психологтарға ішіндегісін ашық айта алмайды. Сенбейді, қорқады. Жаттықтырушылар біліп қойса маған деген көзқарасы өзгереді деп ойлайды. Егер қатарластары, жанында жүрген жолдастары білсе, психикасы дұрыс емес деп мазақтап, күледі деп санайды. Сондықтан, жаттықтырушылар өздері психологтарға сеніп, көмек сұрап, тығыз жұмыс істесе, спортшыларда психологқа деген басқаша көзқарас пайда болады. Нәтижесінде, спортшылар да психологтың көмегіне қысылмай, еркін жүгінетін дәрежеге жетеді. Байланыс орнатып, жұмыс істер еді.

Спортта ұзақ уақыт жолы болмағанда психологиялық тұрғыдан сынбауы үшін спортшы не істегені жөн? Спортта ұзақ уақыт жолы болмай жүрген спортшы босаңсымауы керек. Ұтып жүрген кезін есіне алып, соңғы жарыстарынан анализ жасауы لازым. «Соңғы жарыста не жақсы жасалды, қай әдіс-тәсілі дұрыс шықты? Ұтуға, жеңіске жетуге не көмектесті? Не әсер етті?» деген сұрақтар қояды. Сондай бір сәтті тауып алғанда спортшының мотивациясы көтеріледі, қайтсем де ұтуым керек деп қайта тұруға күш жинайды.

Сондықтан, әуелі, кедергі жасап тұрған бір-екі нақты мәселені атау керек. «Жолым болмай қалды» дегенді спортшы мүлдем ойынан шығарып тастағаны дұрыс. Егер оны айта берсе, ойында сақталарды да, түпкі мәселені көрмейді. Тиісінше, мәселе де шешілмеген күйінде қалады. Жоспар құру керек. Дайындығына не қосу керек, қай жаққа көңіл бөлу керек деп ойланып, түзетеді. Өзіндік психологиялық қателіктерін қабылдауына үйретеді.

Оқушының оқуға деген қызығушылығын қалай тудыруға болады?

А. ИСМАГУЛОВА

Қазіргі Интернет, әлеуметтік желілер, компьютерлік ойындар тағы басқа да жағдайлар оқушының сабаққа деген ынтасын өздеріне аударып жатқаны белгілі. Осындай кезде оқушыға білімнің керек екенін және маңызы зор екенін жеткізу өте қиын. Ата-аналар балаларының оқуға деген ынтасының жоқтығына қиналу үстінде. Бірақ қазір мүмкін емес дүние жоқ, әр проблеманы шешудің дұрыс жолын таңдау керек. Төменде баланың оқуға деген ынтасын арттырудың жолдарынан біраз мысал келтірілді, мүмкін сіздерге, ата-аналарға көмек болар.

1. Жастайынан бастап, логикалық дамуына ықпал ететін тапсырмаларды орындауға, сол секілді ойындар ойнатуға тырысыңыз. Баланызға оқу процесінің қызықты, көңілді, тартымды екенін, ол арқылы қызықты мәлімет білетінін айтыңыз;

2. Ешқашанда балаңызға сабақты оқытуда бұйрық беру арқылы оқытпаңыз. Бұл еш нәтиже бере алмайды. Солай жасасаңыз сіз балаңыздың оқуға деген құштарлығын жойып аласыз. Одан да балаңызбен дос ретінде қатынасып, мүмкін сізден оған көмек керек шығар. Кейбір пәндерді меңгеруде қиындық туып жүрсе көмектесіңіз. Ол сізге сенетіндей болсын;

3. Баланы сабақтан кейінгі уақытын тиімді пайдалануға жоспарлауды үйретіңіз. Үй тапсырмасын орындауға, демалуға, компьютерге отыруға уақыттарды бөліңіздер. Бала кезінен уақытты үнемді пайдалануға үйретіңіз;

4. Мектепте төмен баға алған жағдайда ұрысып, тіл тигізбеңіз. Керісінше оны қолдап, төмен баға уақытша екенін, келесі сабақтардан жақсы баға алып, мұғалімдерді таң қалдырасың деп қолдап, қолпаштау керек;

5. Балаңызды жиі мақтаңыз, азғантай ғана сәтсіздіктер үшін де. Оған, сіз онымен қалай мақтанатыныңызды, ол сізде еңбекқор, ақылды деген жылы сөздермен мақтап отырыңыз. Балаларды мақтап қолпаштау өте кіші жастан маңызды. Бала бекер еңбектеңіз жатпағанын түсіну керек. Оның еңбегін ата-анасы біледі және оны мақтан етеді деген сенім болу керек;

6. Баланың істеген ісі үшін марапаттай біліңіз. Істеген ісі, оқудағы жетістігі үшін әрқашан марапаттау керек. Балаңыздың нені қызықтайтынын, оның арманын біліңіз. Сосын келісімге келіңіз, оқуда белгілі жетістікке жеткен жағдайда оған өзінің қалап жүрген дүниесін сыйлыққа алып беретініңізді ескертіңіз. Бастысы оқуға деген ынтасын арттыру;

7. Өзіңіз балаға үлгі болуға лайықты болыңыз. Егер бала өзінің ата-аналарының білімді, ақылды екенін көргенде мен неге әке-шешеме ұқсамаймын деген мотивациясы туады.

Бірақ та бұл оқушының оқуға деген мотивациясын тудыратын кеңестердің барлығы емес. Осы кеңестерді ұстанатын болсаңыз балаңыздың аздаған уақыт ішінде нәтиже беретіні сөзсіз.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған тренинг-жаттығулар

Ж. ИРГАЗИЕВА

«Жағымды эмоция жақсылық шақырады»

Мақсаты: Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, позитивті көңіл-күй қалыптастыру, эмоциялық үйлесімділікті қалыптастыру, агрессияны жоюға көмек беру.

Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендердің тағы да өзімнің оқу

қызметіме келгендеріңе өте қуаныштымын. Келіңдер барлығымыз ортаға шеңбер болып тұрамыз. Жылулық шеңберіне тұрып, жылы сөздер айтайық.

Жарқын болсын өміріміз,

Жаздың әсем таңындай.

Таза болсын көңіліміз,

Таудың аппақ қарындай.

Ал енді әр түрлі әдістермен амандасайық:

Мұрнымызбен, иығымызбен, аяғымызбен, басымызбен.

Жарайсыңдар балалар, көңілімізді көтеріп алдық.

1. Көтеріңкі көңіл-күй, Жағымсыз көңіл-күй тақырыбында әңгімелесу.

Біз бүгін ерекше жаратылыс «Смайлдар» еліне қонаққа келіп қалдық. Оған қонаққа келген адамның көңіл-күйі ерекше көтеріңкі болады.

- Балалар айтыңдаршы «жақсы көңіл-күй» деген не?

Психолог: Біздің көңіл-күйіміз біздің ойлаған ойымызға байланысты. Үнемі жақсы ойда жүретін адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып жүреді екен.

- Балалар, қандай кезде сендердің көңіл-күйлерің болмайды?

2. Сиқырлы стақандар.

Алдарыңда тұрған стақандар жай стақан емес, сиқырлы стақан. Енді солардың көмегімен жағымсыз эмоциямыздан арылайық. Түтікшелермен стақандарды үрлейді. Осы түтікше арқылы барлық реніш, өкпемізді, жағымсыз көңіл-күйімізді ұшырып жіберейік.

3. «Көңіл-күй» текшесі.

Психолог: Балалар, қараңдаршы қандай қызық текше. Мұнда әртүрлі көңіл-күй бейнеленген. Сендер кезекпен текшені лақтырасыңдар, қандай көңіл-күйдің суреті түседі соны бейнелеп бересіңдер.

4. «Кілем – ұшақ» релаксация жаттығуы.

- Балалар, біз қазір «кілем-ұшаққа» отырамыз. Ұшақ бізді жоғарыға жаймен көтереді. Бетімізді, шаршаған денемізді самал жел желпіп өтеді. Алыста, алыста үйлер, ормандар, өзен, көлдер қалып бара жатыр. Жаймен кілем-ұшақ төменге түсе бастады. Біздің орталыққа қонды.

Күннің шуақтары:

- Көзімізді (көзімізді ашамыз)

- Бетімізге (қасымызды қозғаймыз)

- Мұрнымызға (мұрынды қозғалту)

- Ернімізге (ерінді қозғалту)
- Иығымызға (иықты жоғары, төмен көтеріп, түсіру)
- Қолымызға (қолымызды сілкілейміз)

Күннің нұры бізбен осылай ойын ойнап әрі қарай кетіп қалды. Демімізді ішімізге тартып, шығарамыз.

5. «Ашу-ыза» қапшығы.

- Балалар, менің қолымда ерекше қапшық бар, ол ашу-ыза қапшығы деп аталады. Оны қолымызға алып қатты айқайлауымыз керек. Қане, бәріміз ашуымызды шығарайық.

Балалар, не сезіндіңдер? Жеңілдеп қалдыңыздар ма?

- Әрине, көңілді, қуанышты болып қалдық.

6. «Эмоциямызды суреттейміз».

- Балалар, бүгін қандай көңіл-күйде жүрсіңдер және қандай эмоцияға ие болдыңдар, соны сурет етіп саламыз. Оны ақ параққа емес, құм терапиясына бейнелеп саламыз.

7. «Тілек шоғы»

Балалар бір-біріне тілектерін айтады.

Психолог: Бүгін өздеріңді жағымды көңіл-күйде ұстадыңдар. Эмоцияларыңды анық көрсетіп, мені қуанытып тастадыңдар. Олай болса, әрқашан жүздеріңді мұң шалмасын деп сендерге смайликтер сыйлаймын.

Адам бойындағы қасиеттерді дамытуға арналған тренинг-жаттығу

А. АДИШБЕКОВА

Мақсаты: мұғалім арасында қарым-қатынасты нығайту, қиын жағдайдан шыға білуге және өзін-өзі тануға баулу.

Алтын ережесі:

1. Белсенділікті арттыру;
2. Бірігіп жұмыс істеу;
3. Бір-біріне кедергі келтірмеу;
4. Өз ойын ашық айта білуге үйрену;
5. Өзіне пайдалы нәрсені алу;
6. Жақсы қарым-қатынаста болу;
7. Өзін еркін ұстауға үйрену.

Тренинг барысы:

Сергіту сәті. Қатысушылар ортаға шығып шеңбер бойынша тұ-

рады. Әнінің ырғағымен билеп шығады. Бірінші қатысушы бидің қимылын көрсетіп келесі соны қайталап, өзінің қимылын көрсетеді би жалғасып кетеді.

Топқа бөлу. Қатысушылардың шаштарының ұзындығына қарай топқа бөлінеді: «ұзын», «қысқа», «орташа қысқа».

«Мозайка» жаттығуы.

Шашылған әріптерді жинау арқылы топқа бөлу.

«Достық», «Ұжымдық», «Әріптестік».

Әр топ мүшелері өз топтарының атауларын қорғап шығу керек. Тапсырма. «Ой жинақтау» Әр топқа өз атауларына байланысты 3 сұрақтан беріледі. Ойлануға 5 минут уақыт.

I топ сұрақтары:

1. Ұжым дегеніміз не?
2. «Ұстаздың қолында адам өмірінің келешегі, тағдыры тұр» - деген сөзді қалай түсіндіресіз?
3. Өз қуанышыңызды ұжыммен бөлісіңіз? (Рөлге өну)

II топ сұрақтары:

1. «Достық» ұғымын қалай түсіндіресіз?
2. Достық туралы мақал мәтел келтіріңіз.
3. Достық қиындықта көрінеді. (Рөлге өну)

III топ сұрақтары:

1. Әріптестік сөзіне тұжырымдама бер.
2. Әріптестікті кім басқарған жөн. (Жасына сәйкес)

«Мен таптым» жаттығуы.

Қатысушылар дөңгелек отырып, кезекпен бірден жетіге дейін санайды.

Жеті санын айтатын адам «Жеті» деудің орнына, орнынан тұрып, «Мен таптым» деп айтуы керек. Кім жаңылысса, сол ойыннан шығады.

«Жетістікке жете аламын» жаттығуы.

Алдарыңызда ақ парақ таратылады. Сол параққа үлгі бойынша өз ойыңызды, арманыңызды түсіресіз. Бұл жерде суретпен не болмаса жазу арқылы болады. Пікірлер тыңдалады.

Рефлексия. «Өрмек» ойыны.

Сабақ жалғасады. Жүргізуші жобаға қатысушылардан қайтадан шеңбер құрып жиналуларын сұрайды.

Жүргізуші: Келесі ойында біз өзара бізді байланыстырып тұратын үлкен бір өрмекті құрамыз. Осыдан басқа сендердің әрқайсыларың өздеріңнің сыныптастарыңа деген жақсы ой және сезімдеріңді білдіре аласыңдар.

Жүргізуші түрлі-түсті жіптің ұшын өзінің алақанына орайды.

Сендер менің не істегенімді көрдіңдер ме? мен өрмекте келесі кім болатындығын таңдаймын, оған мынадай сөздерді айтып:

«Сен маған ұнайсың, себебі ...» (мүмкін таңертең сыпайы есік ашқан шығар немесе кеше математика бойынша қиын есепті шығаруға көмектестің) жіптің шумағын беремін. Өзіңе айтылған сөзді тыңдап, ойыншы алақанына орап, осындай сөздерді айтып ойынға қатысушы басқа бір балаға айтады «Сен маған ұнайсың, себебі...». Жіптің шумағын бергенде сізге қандай сөз айтылды соны есте сақтауға тырысыңдар.

Жіптің шумағын соңында кім алса, сол оны кері бағытта қайта шеше бастайды. Мұның өзінде сіздердің әрқайсыларың өздеріңе айтылған сөзді, сол сөзді айтқан кісіге қайталап айтуларың қажет.

Ата-ана мен баланың арасындағы өзара қарым- қатынасты арттыру тренингі

Б. БАҚТЫҒАЛИЕВА

Мектеп өміріндегі ең маңызды, жауапкершілікті талап ететін жұмыстардың бірі – ата-ана-бала-мектеп үш тағанды қызметінің маңыздылығы. Соның ішінде ата-аналардың балаға жауапкершілігін арттырып, бос уақыттарын балаларымен бірге өткізіп, балаларына үнемі көңіл бөліп, балаға ең жақын тұлға ата-ана екенін ұғындыру. Осының барлығы бастауыш сыныптан ортаңғы буынға өтіп жатқан балалардың ата-аналарына, жаңадан 5 сыныпты қабылдап жатқан жетекші ұстазға пайдалы болуы мүмкін.

Мақсаты: ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Көрнекіліктері: тақырып, қағаздар, шам, теледидар, сиқырлы таяқша, альбом, газет, шар.

Тренинг бағдарламасы:

1. Есімдер аллитерациясы;
2. Баяндама. «Ата-ана махаббаты»;
3. «Біз біргеміз!» жаттығулар;
4. «Өтінемін!» ойыны;
5. «Сиқырлы таяқша» жаттығу;
6. «Тілек шамы»;

7. Ой- толғаныс.

Тренинг барысы:

I. Ата-аналарды тіркеу. Бағдарламамен танысу.

II. Есімдер аллитерациясы.

Мақсаты: Ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.

Шарты: Әр отбасынан бір адам осы жерде отырған отбасы мүшелерінің есімдерін айтып және де есімдерінің бірінші әрпінен басталатын жағымды қасиеттерін айтулары керек.

Әр отбасының сөзінен кейін қалғандары үш рет қол соғып қошеметтеп қояды.

- Сіздің есіміңізді, жақсы қасиетіңізді айтып жатқанда қандай сезімде болдыңыз?

- Өзіңіз қазіргі кезде қандай көңіл-күйде отырсыз?

III. Баяндама. «Ата-ана махаббаты».

III. « Біз біргеміз!» жаттығулар.

Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.

- **«Қолынан танып біл!»**

Көздері байлаулы әкелері балаларын тауып алулары керек.

Талдау:

1. Сізге балаңызды табуға не көмектесті?

2. Балаңыздың қолынан ұстағанда не сезіндіңіз?

- **«Біз бақытты жанұямыз!»**

Алдын-ала салынған суреттер арқылы өз балаларыңыздың салған суреттерін тауып алыңыздар.

Талдау:

1. Өз отбасыңыздың суретін қалай таптыңыз?

2. Өз отбасыңызды табу қиын болды ма?

3. Суреттерден отбасыңыздың суретін тапқаннан кейін қандай сезімде болдыңыз?

- **«Аралда»**

Қажетті құралдар: газет.

Қатты теңіз толқуынан кейін кеме суға кетіп, кемеңіз ішіндегі жолаушылар аралдарға бөлініп топталды. Енді осы аралдарда әрбір отбасы өмір сүріп жатыр. Аралдарды бірте-бірте су басуда, енді әр отбасы осы аралдан өздерін аман алып шығулары керек.

- **«Үшеуіміздің суретіміз!»**

Суретті бір-бірімен ақылдаспай салады. Баласы суретті бастайды, әкесі жалғастырады және екінші суретті бастап кетеді, анасы

ол суретті жалғастырады және келесі суретті бастап кетеді, баласы суретті аяқтау керек.

Талдау:

1. Сіздің бастаған суретіңіз ойыңыздан шықты ма?
2. Алға қойған мақсатқа жету үшін кедергі болды ма?
3. Бір-біріңізді қалай түсіндіңіз?
4. Өзіңіз суретке қанағаттанасыз ба? Жоқ болса неге?

Әр отбасының салған суреттерін талқылауға уақыт беріледі.

IV. «Өтінемін» ойыны.

Мақсаты: Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бір-бірін тыңдай білуге үйрету.

Қатысушылар ортаға жартылай шеңбер жасап тұрады.

- Құрметті ата-аналар, балалар! Сіздер қандай «сиқырлы» күші бар сөздерді білесіздер?

- Рахмет, өтінемін, т,б

- Мен әр түрлі өтініштер жасаймын, егер мен «өтінемін» деген сөзді айтсам сіздер оны орындауларыңыз қажет. «Өтінемін» деген сөзді айтпасам, сіздер ол өтінішті орындамайсыздар. Мысалы:

- секіріңдер;
- оң аяқтарыңды көтеріңдер;
- өтінемін, алақанмен қол шапалақтаңдар;
- өтінемін, бір-біріңді құшақтаңдар;
- оң қолдарыңмен сол құлақтарыңды уқалаңдар.

V. «Сиқырлы таяқша» жаттығу.

Сиқырлы таяқшаны бір-біріңе ұсына отырып, адам бойындағы жағымды және жағымсыз қасиеттерді айтып шығайық

Жағымды	Жағымсыз
Мейірімділік	Өтірік айту
Жан ашу	Өшпенділік
Сыпайылық	Көк сақтау
Даналық	Тіл алмау

- Әр жағымсыз қасиеттің өзінің жақсы жағы болады. Мысалы: сараң адам ол – үнемшіл. Төбелесу – біреуге қол ұшын беріп құтқару. Енді осы жағымсыз қасиеттердің де өзіндік жақсы жақтары болады, соны айтайық.

VI. «Тілек шамы».

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

- Құрметті ата-аналар, балалар. Біз сіздермен жанұядағы ата-

-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

VII. Ой-толғаныс.

- Тренингтің басталуында сіздерге бағдарлама берілді. Сол бағдарламаның артында күң, гүл, жапырақ бейнесіндегі жапсырмалар бар.

- Осы белгілер бойынша ата-анаға, оқушыға, мұғалімге өз ұсыныстарыңызды немесе ой-пікірлеріңізді жазуыңызға болады. (Жазған пікірлерін оқи отырып, көктем бейнесін шығару).

Жас мамандарға арналған психологиялық тренинг

Б. СИХОВА

Мақсаты: Жас мамандардың ашылуына, өз әріптестеріне өздерін көрсете білуіне көмектесу. Жас мамандардың өздерін педагогикалық ұжымның бір бөлшегі ретінде сезінуіне, бейімделуіне ықпал жасау.

Құрал-жабдықтар: компьютер, ақ парақ, маркерлер.

Тренинг барысы.

Әуенді терапия

Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру.

Көрнекілігі: Музыка аппараты, жағымды, баяу әуенді диск. Табиғат бейнеленген суреттер.

Уақыты: 7-10 минут.

Ұйымдастыру кезеңі:

а) Қатысушыларды жайлы отырғызып, еркін ыңғайлы сезінуін қадағалау;

- ә) Табиғат көріністерін мұқият қарауын өтіну;
- б) Әуенді қосар алдында қатысушылар көздерін жұмуы тиіс.

Кіріспе:

- Көз алдыңызға жаңа көрген табиғат көріністерін елестетіңіз;
- Терең дем алып, әуеннің ырғағына зейін аударып, менің сөздеріме құлақ салыңыз;
- Ал, бастаймыз. (Музыка қосылады);
- Соқпақ жолмен жүріп келесіз...
- Жол ұзақ, шаршадыңыз, шөлдедіңіз...
- Кенет алдыңыздан ғажайып бақ көрінді...
- Алма бағы...
- Қып-қызыл алмалар қол созым жерде...
- Сіз үзіп алып жей бастадыңыз...
- Дәмі керемет...
- Жеген сайын жегіңіз келеді...
- Қалтаңыздан дорба алып алмаларды жинай бастадыңыз...
- Күн кешкірді... Қайту керек... Бақтан шығып жолға түстіңіз...

Иығыңызда дорба.

- Жүгіңіз ауыр. Жол бітер емес. «Тастап кетсем бе екен?» деген ой келді...
 - Сіз дорбаны емес, жалқау ойыңызды тастап кетіңіз...
 - Міне, қалашыққа да жеттіңіз... Алдыңыздан қуана секіріп балалар шықты...
 - Оларға өзіңіз терген алмалардан үлестіре бастадыңыз ...
 - Алма тергеніңіз мұншама абырой болар ма? Сізге балалар да, олардың ата-аналары да дән риза...
 - Балалардың бақытты күлкісі сіздің де көңіліңізді көкке көтерді!
- Музыка тоқтатылып, қатысушылар көздерін ашады. Өз әсерлерімен бөліседі.

1. Слайдтан бірнеше түстер көрсетіледі. Осы түстердің ішінде өзіңізге ұнаған түсіңізді таңдаңыз. Таңдаған түсін жазады.

Ақ – ақкөңіл, ақжарқын, елгезек адамдар. Көп істері адал болады. Балалық мінездерінен әлі қоштаса алмаған адамдар.

Күлгін – ешкімге ұқсамайтын шығармашыл тұлғалар.

Қызыл – шапшаң мінезді, жұмсақ жүректі, жұмысты дәл кезінде орындайтын, тәуекелшіл, қарсыласуға дайын тұратын адамдар.

Сары – қиялға бай, сенімді, қайсар, болашақтан көп үміт күтетін адамдар.

Көк – салқын қанды, өзіне сенімді, басқалардың ренжіткенін қаламайтын, тыныштық сүйетін адамдар.

Жасыл – қайсар мінезді, жұмсақ жүректі, ақкөңіл, қайырымды адамдар. Олар сенімді, тұрақты адамдар.

2. Келесі тренинг: **«Өзімізді тану, бір-бірімізге қуаныш сыйлау»**

Мақсаты: Мұғалімдерді достық қарым-қатынасқа, бір-бірін жақыннан танып-білуге, сыйлауға, көмектесуге шақыру, достық сезімдерін ояту мақсатымен жүргізіледі.

Құрал-жабдық: қағаз, қалам.

Ойын ережесі:

- бір-бірін тыңдау;
- уақыт үнемдеу;
- белсенділік таныту;
- достық қарым-қатынас;
- жағымды эмоция тудыру.

Барысы:

Барлық қатысушылар дөңгеленіп отырады. Өз аттарын және өзінің өмірлік ұстанымдарын айтады.

Мысалы: - «Өмірдің ағымынан қалмау»

«Ешқашанда білмеймін демеу»

«Қасымдағыларға көмектесу, қуаныш сыйлау»

«Биік шыңға ұмтылу»

Аутоагентті жаттығу.

Тренингке барлық мұғалімдер қатысады.

Мұғалімдерге мінез туралы ақпарат беру

Мұғалімдер жұпта жұмыс жасайды (бір-бірінің жағымды әрі жағымсыз мінез ерекшеліктерін айтады)

Ойындар шарты: Мұғалімдерге бір парақтан ақ қағаздар таратылады. Таратылған ақ қағазды қатысушылар скотчтың көмегімен арқаларына жапсырады. Арқаларындағы жапсырылған ақ қағазға бір-бірінің бойындағы жағымды және жағымсыз мінез ерекшелігін және жағымсыз мінез ерекшелігін ыстық тілектерін жазады. Барлығы жазып болғаннан кейін, қайтадан дөңгеленіп отырып, арқаларындағы қағазды алып оқиды. Қағазды жыртпай, өздеріне естелікке қалдырады.

Қорытынды: Қатысушылар өз бойларындағы жақсы қасиеттерін мақтан тұтып, жаман қасиеттерін жоямыз деп бір-бірлеріне уәде береді және тілеген тілектеріміз орындалсын деп қошемет көрсетіп (қол соғып) тренингті аяқтаймыз.

Ұжымдық жұмыс:

Ойлануға арналған «Сыр сандық» ойынының шартын таныс-

тырам. Мен сұрақтарды оқимын. Сұрақтарға қатысушылар жауап беруі керек. Барлығы 15 сұрақ.

Ойынның шарты: Біз бір-бірімізді жақын тану үшін барлығыңа «Сыр сандықты» ұсынамын. Топтың әр қатысушысы «Сыр сандықтағы» аяқталмаған сөйлемді өз сөзімен аяқтайды.

1. Ең үлкен қорқыныш – бұл
2. Мен мынадай адамдарға сенбеймін...
3. Мен ренжимін, егер...
4. Мен ұмытпаймын, егер...
5. Маған көңілсіз, егер...
6. Егер маған дауыс көтерсе, мен...
7. Мен қарсыласқанда...
8. Егер мен сенімсіз болсам, онда...
9. Егер, мен шаршасам...

- Сөйлемді аяқтағанда, қандай сезімде болдыңдар? Әрине, әрқайсымыз қорқыныш, сенімсіздік, сәтсіздік сезімдерінен өттік. Ренжіген, нашар көңіл-күй немесе көңілсіздік болған шығар. Бұл сәтте қолдау мен сүйеністі қажет етеміз.

Психолог: Ашылған бұлттың соңынан әсем кемпірқосақ пайда болады.

Кемпірқосақ жеті түстен тұрады.

Осы түстердің әрқайсысында жақсы ақыл - кеңес бар екен.

1. Әр күнді жақсы ойлар ойлаумен бастап, бос өткізбе.
2. Күні бойы өзіңді қоршаған адамдардың бәрі туралы тек сүйіспеншілікпен және ізгілікпен ойлай жүр.
3. Ұйықтар алдында бүгін қанша адамды қуанттым, жұбатқаныңды, қайырым жасағаныңды есіңе түсір.
4. Басқалардың қажетіне жарай білуге талпын.
5. Ұжымдық мейірім шуағын сезініп, қадірлей біл..
6. Тыныштық сақтай білуге үйрен, Нәзік үнмен биязы, мәдениетті сөйлеуге үйрен
7. «Жақсылыққа жақсылық-әр кісінің ісі, Жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі» деген мақалды түсініп жадыға ұста.

Психолог: Өзін-өзі тану – өмірді тану, өзін-өзі тани білген әрбір адам, өзінің бойындағы кемшіліктерді мойындап, түзеуге асығады. Бүгінгі тренинг сағатымыз сіздерге ұнады ма? Алған әсерлеріңіз қандай?

Қорытынды:

Сөз соңында айтарымыз, ең бастысы өзіңе деген махаббатты менмендікпен шатастырып алуға болмайды. Барлық іс-әрекет тір-

шілікпен негізделсе, демек адам өзін адам ретінде сезіну үшін де өзіне деген сый құрметі мен махаббаты болуы керек. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін алғысымызды білдіремін.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған психологиялық тренинг-сабақ

Ж. БИСЕНОВА

Мақсаты: Балалардың эмоционалды көңіл-күйлерін көтеру. Топпен жұмыс жасай білуді үйрету, топ бірлігін күшейту. Ойын тапсырмасын орындау арқылы топ мүшелерінің тұлғааралық қатынастарын анықтау.

1. Сәлемдесу рәсімі:

Балалар 3 топқа бөлінеді.

Бірінші үстел, «Сәлеметсіздер ме, біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз!»

Екінші үстел (қайталайды)

Үшінші үстел (қайталайды).

Содан кейін барлық балалар хормен қайталайды.

Топқа қонжық келеді. Бәріміз қонжықпен амандасамыз!

Негізгі бөлім:

Қонжық қонақ болып отырады. Ал балалар біздер ойын ойнаймыз.

2. «Құрастырма ойыншық» (10 минут)

Әр топқа құрастырма ойыншықтардың бөлшектері беріледі. Балалар әрбір топтан бірігіп, бір жерге жинастыру тиіс. Топтың біртұтас екендігіне баса назар аударамыз.

3. «Жұлдызды аспан» (15 минут)

Мен сіздерге қазір қонжық туралы ертегі айтып беремін. Балалар, енді сіз тыныш отырып, мені тыңдайсыздар!

Бірде кішкентай қонжық жұлдыздарға қарап, терезенің жанында отырды. Жұлдыздар қонжыққа жымыңдап, күліп қарады. Шындығында, кеш болды, ал қонжықтың ұйықтайтын уақыты келді. Бірақ ол аптап ыстықтан ұйықтай алмай терезеден қарауға шешім қабылдады.

Жұлдыздар жарқырап тұрды, бірақ олардың өте алыс екендігі

түсінікті болды. Қонжық оларды жақынырақ көргісі келді. «Мен құс сияқты ұшар едім!» - деп ойлады. Сол кезде терезе ашылып, самал жел соғып, қонжықты ауаға көтерді. Қонжық «Мен ұшып бара жатырмын!» - деп ойлады.

Сыртқы ауа бөлме сияқты ыстық емес еді, ал ұшу көңілді және таңқаларлықтай қызықты болды. Қонжық жұлдыздарға қарай ұшып кетті. Ол жұлдыздарға жақындағанда, олар тек жарқырап қана қоймай, күлімсіреп, сөйлесіп жатқанын көрді. Кейбір жұлдыздар тез сөйлесті, сондықтан ештеңені түсіну мүмкін болмады. Ал кейбір жұлдыздар бір-біріне ән айтып ұшып жүрді..

«Мұнда қандай керемет!» деп ойлады қонжық. Ол бір жұлдыздан екіншісіне ұшып, әрқайсысымен сыпайы амандасты. Жұлдыздар оған күлімсіреп, көңілді әңгімелерін жалғастырды. Қонжық та күлімдеді, әндерін тыңдады, содан кейін ол шаршады. Оның денесі ауырланып, ұйықтағысы келетінін түсінді. Ол көзін жұмғанда өз төсегінде болды. Содан бері ол ұйқысы келмеген уақытта терезеге жақындап, жұлдыздарға ұшады.

- Балалар, ертегі ұнады ма?

Несімен ұнады?

- Енді әр қайсымыз өзіміз қалауымызбен жұлдыздың суретін салайық. Ол үлкен, кішкентай және бір нәрсемен безендірілген, күлімсіреген көздерімен болуы мүмкін. Ол сізге ұқсас болуы да мүмкін. (Орындау).

Енді сіздердің әрқайсыңыз біздің жұлдызды аспанға жақындап, өз жұлдызыңызды сол жерге жабыстырасыз. (Топтық жұмыс).

Енді біздің жұлдызды аспанға қараңыз.

Әрқайсыңыз жұлдызшасыз, бірақ бәрі бірге біртұтас шоқжұлдыз. Сіздер бір топсыз. Егер сіз кенеттен көңілсіз жалғыз болсаңыз, мына аспанды еске түсіріңіздер. Ол көптеген жұлдыздардан тұрады. Сіздерді қоршап, көмектесуге дайын тұратын достарыңыз!

Рефлексия:

- Балалар жаттығуды орындау сіздерге қиындық тудырды ма? Не ұнады? Неге? Не есіңізде қалды?

Қоштасу рәсімі:

4. «Сау болыңыз, қонжық!» (2 минут)

- Балалар, қонжық өзінің ертегі орманына кетеді. Онымен қоштасайық. Бәріміз бірге «Қош бол, қонжық» деп айтамыз.

Психологический тренинг для учащихся

А. БЕКЗАДИНОВА

Цель тренинга:

- Формирование у участников уверенность в себе и самовыражение
- Способствовать к формированию для достижений цели
- Побороть страх критики, оценки и зависимости от других людей.

Задачи тренинга:

- Профилактика у участников чувства тревожности и волнение перед олимпиадой
- Направлять и консультировать на установление уверенности, стабильности

Форма обучения: тренинг с упражнениями.

Участники: ученики 9 и 11 классов.

Продолжительность: 40 минут.

Структура занятия:

- Подготовительный процесс. Правила тренинга и знакомства;
- Основной этап. Тревожность и уверенность в себе;
- Упражнение «Ромашка откровений»;
- Упражнение игра «Эксперимент»;
- Упражнение «Какой Я?»;
- Упражнение «Лестница успеха»;
- Упражнение «Мои ресурсы»;
- Головоломки, логические задачи;
- Заключительный этап. Полезные советы;
- Аутотренинг «Волшебный лес»;
- Завершение тренинга. Рефлексия.

Ход занятия

1. Знакомства. Упражнение «Ты Таня – умная, а я Вася – добрый...»

Цель: Знакомство, повышение и активизация настроения участников группы, создание условий для повышения самооценки молодежи.

Инструкция: Я – ведущий, начинаю, а вы продолжите по кругу:

«Я – Таня – умная», следующий участник повторяет имя предыдущего и называет свое имя и качество «Ты Таня – умная, а я Вася – добрый» и так далее по кругу.

Вывод: Каждый человек уникален, и поэтому надо учиться говорить о себе положительно. Это в свою очередь придает уверенности. Чем меньше комплексов, тем ты проще, как известно, будь проще и люди к тебе потянутся.

2. Сообщение темы и целей занятия.

Сегодня мне хотелось бы Вас пригласить на тренинговое занятие, где Вы можете побороть беспокойство, стать еще уверенней в себе.

3. Принятие правил работы группы.

- Правила «Я»
- Искренность в общении
- Не критикуем и не оцениваем
- Открытость
- Активность

4. Информационный блок.

- Ребята, как вы думаете, что такое тревожность?
- Как выглядит тревожный человек?
- Как вы думаете, какие физиологические изменения происходят в его организме?

- Тревожность – эмоциональный дискомфорт, выраженная в постоянном беспокойстве и предчувствии опасности.

- У человека в основном выделяем такие чувства как: повышенную потливость, мышечное напряжение, покраснения кожи, плохой сон, учащенное дыхание и сердцебиение.

- Каждый чувствует тревогу и беспокойства при разных ситуациях. Тревожность сопровождают: учащение дыхания, ускорение сердцебиения, головокружение, ощущение слабости, ком в горле, покраснение или побледнение кожи, повышенное потоотделение, сухость во рту и т.д.

Что такое уверенность в себе и самоуверенность? Ответы детей.

Самоуверенность – это убежденность в отсутствии у себя минусов и отрицательных черт характера. Как синоним можно использовать слово самовлюбленность.

Уверенность в себе – это свойство личности, основанное на объективной оценке человеком собственных способностей, возможностей и навыков.

И в чем же отличие?

Разница заключается в том, что первое определение подходит людям, которые лишь делают вид, что они все могут и не нуждаются в какой-либо помощи. В то время как человек уверенный на самом деле обладает достаточными знаниями и умениями, чтобы справиться практически с любыми задачами. Первые могут годами говорить, что совсем скоро из-под их пера выйдет бесценное произведение литературы, вторые же – молча выпустят несколько трудов, которые будут пользоваться огромной популярностью.

Другими словами, самоуверенные личности – это лишь оболочка, которая не несет под собой никаких оснований. Уверенные в себе, напротив, наполнены различными идеями – это индивидуумы трудолюбивые, которые больше делают, чем говорят.

5. Упражнение «Ромашка откровений»

Инструкция: на лепестках ромашки пишутся фразы, нужно продолжить и завершить фразу. Высказывание должно быть искренним.

6. Упражнение-игра «Эксперимент»

Цель: создать нестандартную ситуацию, отследить возникшие переживания, чувства, эмоции.

Инструкция: Ребята, сейчас вам нужно будет прочитать предложения в течении 30 сек. Каждый из вас должен его обязательно выполнить. По моему сигналу вы начнёте работу, по сигналу закончите.

- БЕСмысСЛенноВЫпускаТЬСтРЕЛУБЕзцели

- УСЕрдныйДОстиГНЕтЦЕЛИ, СПЕшаЩИЙсАНеТПОсЕиЩЕМ

- ЯвЕРЮЧТотыДОстиГНЕШЬНЕмАЛыхВысот

- ЗаОДИНРаЗдерЕВОНЕсрУбишь

Анализ:

Сразу ли вы справились с заданием?

Что понадобилось вам для его быстрого выполнения?

Что мешало хорошо выполнять задание?

7. Упражнение «Какой Я?»

Инструкция: Заполни предложения открыто и честно.

Я хвалю себя когда

Я считаю себя симпатичным человеком потому что

У меня есть две хороших качеств такие как

Я могу с гордостью отметить

8. Упражнение «Лестница успеха»

Инструкция: Отметьте, на какой ступени вы сейчас находитесь.

- Устраивает ли Вас Ваше местоположение на лестнице?
- Есть ли желание повысить своё местоположение?
- Отметьте, на какой ступени Вам хотелось бы оказаться?
- Ваш план действий.
- Когда начнёте действовать?
- Когда вы планируете достичь эту цель?

9. Упражнение «Мои ресурсы»»

Цель: повышение уверенностей в себе.

Ученики делят лист бумаги на две части. В одной части напишите: «Чем я могу похвастаться». Пусть дети запишут те свои качества и характеристики, которыми они могут гордиться, которые считают своими сильными сторонами. Когда первая часть упражнения будет выполнена, озаглавьте вторую часть листа «Чем это может мне помочь на олимпиаде».

Попробуйте ответить, каким образом она сможет помочь во время олимпиады.

10. Головоломка «Парковка»

На автомобильной парковке шесть мест. Одно место занято, все остальные свободны. Каждое парковочное место имеет свой номер. Слева направо идут следующие номера: 16, 06, 68, 88, следующий номер закрывает автомобиль, 98. Какой номер у парковочного места, на котором стоит автомобиль? **Ответ: 87 на самом деле номера идут по порядку, просто они перевернуты.**

11. Головоломка «Веселые насекомые»

Цель игры: развитие визуальной логики и мышления

Инструкция: Разделите изображение на четыре части, которые сочетали бы всех видов насекомых.

12. Игра «Детектив»

Цель игры: создать условия для развития образного и логического мышления, воображения, речи, формирования умений и навыков, необходимых для успешного решения практических задач

Инструкция: 1.смотрите внимательно и угадай кто вор быстрее всех.

2. Вор, скрываясь от преследования, забежал в больницу. Пробегая по этажам, сыщик наткнулся на трёх врачей, один из которых показался ему подозрительным. Как выяснилось позже, это был преступник который замаскировался. Молоток у невропатолога а стетоскоп у терапевта

13. Логические загадки

- отца Фрэнка 5 сыновей. Имена его четырех сыновей — Фефе, Фифи, Фофо, Фуфу. Соответственно, как зовут его пятого сына?
Отв: Сам Фрэнк 5 сын.

- По пути в Сент-Айвз я увидел мужчину с 7 женами. У каждой жены было 7 мешков. В каждом мешке было по 7 кошек. У каждого кота было 7 котят. Котенок, кошки, мешки, жены – сколько их направляются в Сент-Айвс? Отв:

- Как найти прошлогодний снег? Отв: Выйти на улицу сразу после начала Нового года

- Где вода стоит столбом? Отв: В пробирке или в стакане

- В каком чайнике больше чая?

14. Полезные советы от психолога

- Не заикивайтесь на одном вопросе. Сначала выполните простые для вас задания, иначе вы можете не успеть приступить к ним.

- Пробежать глазами весь тест, чтобы увидеть, какого типа задания в нем содержатся, это поможет настроиться на работу;

- Внимательно прочитать вопрос до конца и понять его смысл (характерная ошибка во время тестирования - не дочитав до конца, по первым словам уже предполагают ответ и торопятся его вписать);

- Если не знаешь ответа на вопрос или не уверен, пропусти его и отметь, чтобы потом к нему вернуться;

- Если не смог в течение отведенного времени ответить на вопрос, есть смысл положиться на свою интуицию и указать наиболее вероятный вариант.

- При правильном подходе экзамены могут служить средством самоутверждения и повышением личностной самооценки.

- Не стоит бояться ошибок. Известно, что не ошибается тот, кто ничего не делает.

- Для активной работы мозга требуется много жидкости, поэтому полезно пить простую или минеральную воду, зеленый чай.

- стоит научиться никогда не думать о провале на олимпиаде. Наоборот, надо мысленно рисовать себе картину уверенного, четкого ответа, полной победы. Мы получаем то, о чем усиленно думаем, в буквальном смысле программируя себя на конечный результат.

- Воспринимайте участие в олимпиаде как жизненный рубеж.

- Начните с уверенности: не надо себя недооценивать, чаще вспоминай о своих удачах.

- Научитесь по-новому смотреть на ситуацию. Вы не должны позволить событиям или другим людям помешать вам сосредоточиться во время прохождения олимпиады.

- Стремитесь к разумной организации своего внутреннего состояния: не беспокойтесь, сконцентрируйтесь на решении поставленной задачи.

15. Аутотренинг «Волшебный лес»

- Почувствуй себя в лесу со свежим воздухом. Издалека видны высокие горы, теплый солнечный день, слышится только пение птиц. Ты решила прогуляться по лесу но ты не одна. Кого ты возьмешь с собой?

- Прогуливая по лесу, ты увидела одного животного. Это какой зверь? Большой или маленький?

- Как Вы смотрите на животного, с умилением или со страхом?

- Вы проходите через животного и увидели домик. Это большой дом или маленький?

- Огражден ли дом с забором?

- Вы заходите в дом, перед вами огромный стол. Есть ли там еда или нет?

- Оказывается в доме есть задняя дверь. И вы вышли через эту дверь.

- Перед вами на траве лежит одна посуда. Какая эта посуда, из чего сделанная и зачем его используют?

Ключи к аутотренингу

Ответ №1: Это важный человек на данный момент в твоей жизни;

Ответ №2: Животное это ваша проблема;

Ответ №3: Вы боитесь от проблемы или Вы уверены в себе;

Ответ №4: Дом вашей мечты;

Ответ №5: Отношение с людьми;

Ответ №6: Если есть еда, то Вы счастливый человек, если ее нет, то на данный момент не довольны с собой;

Ответ №7: Посуда это ваше отношение с важным человеком для Вас.

16. Рефлексия

Для меня было интересным.....

Для меня было легко.....

Для меня было труднее всего....

Менің сүйікті мамандығым және инновациялық әдіс-тәсілдерім

А. КАСЕНОВА

Қазақ қай заманда болмасын, ұстазын қадір тұтып, жұмысын қасиетке балаған. Ұстаз болу – бала кезімдегі арманым болатын. Осы арманымның орындалуына қошеметпен қолдау көрсеткен өз әкем болған.

Ол кісінің бір ерекшелігі – білімнің нәрін кітаптан іздеу керек деп, ауыл, мектеп кітапханасында кітап оқуға ұмтылдыруға бар күшін салатын. Орыс әдебиеттерін көп оқитынмын. Ауызша өлеңдерді жаттап алып, көпшіліктің алдында мәнерлеп оқып бергенді ұната-тынмын. Целиноград педагогикалық училищесінде оқып жүргенде ұстазым Сапарова Райхан Омаровна студенттер арасында ұстаздық абыройы асқақ, білімі берік, беделі жоғары нағыз ұстаз болатын.

Шәкірт қай уақытта болмасын, білімді, адамгершілігі мол, пайым-парасаты кең, ешқашан дауыс көтеріп сөйлемейтін мұғалімді жоғары бағалайды ғой. Сол ұстазымды үлгі тұтып, бастауыш сынып мұғалімі болып жүрсем де, мектепке баланың рухани өсіп жетуіне, оның жанының жайлы болуына тек Райхан Омаровна сияқты психолог маманы көмек көрсете алады. Осы пәнді таңдауыма бірден-бір себеп болған үлкен жүректі ұстаздың ұлағаты менің өміріме мәңгілік рухани азық болып қалғандығы деп ойлаймын. Осы ықылас-ынтама қарай адам жанының тәрбиешісі, психолог мамандығын жаныма жақын тұтып, 2004 жылы Көкшетау университетін «Педагогика-психология» мамандығы бойынша бітіріп шықтым.

Біздің елімізде жалпы орта білім беретін оқу орындарында педагог-психолог мамандығының енгізілгеніне небәрі он төрт жыл болды.

Негізінде, психология ғылымы оқу-тәрбие жұмыстарының мазмұны мен мәнін терең түсінуге, оқушылардың ақыл-ой қызметі мен мінез-құлқын басқара отырып, олардың дамуын жетілдіруге, тиімді әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануға мол мүмкіндік береді. Мектептерге педагог-психолог мамандығы еңгізілген сәттен бастап мен де өз мамандығым бойынша іске кірістім. Алғашқы кезде «Осы мамандықтың мектепке қандай қажеті бар, психологтың балаларға беретін жәрдемі бар ма?» деген секілді күмәнді ойда болған педагогтар мен ата-аналар аз болмады. Бірақ, келе-келе мектеп-

те психологтың атқаратын жұмысы қыруар екеніне, тіпті уақыты жетпейтініне, бұл мамандықтың мектеп үшін өте қажет екеніне өзгелердің де көзі жете бастады. Өз мектебімде психолог қызметін атқарған 17 жылдан бері балалармен психологиялық сауықтыру, диагностикалық қызмет көрсетіп, кеңес беру нәтижесінде оқушылардың психологияға қызығушылығы артты.

Жас жеткіншектердің психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту – психологтың ең жауапты жұмысы. Жеке азамат ретінде әлі толық қалыптасып үлгермеген балалардың жеке және жас ерекшелігін, өзге тұлғалармен қарым-қатынасын зерттеу арқылы олардың жеке психологиялық ерекшеліктерін танып білудің маңызы зор. Психологиялық түзетудің басты мақсатының бірі – балаларды жеке тұлғалық дамуындағы психологиялық ауытқуларынан арылту, түрлі жағымды іскерлік дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Психология сабағы әр баланың жеке тұлға болып өсуіне үлкен әсер етеді. Өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Бұл сабақ оқушыларға өте қажет деп ойлаймын. Жаман оқушы жоқ. Оқушының ішінде өзгеше бір әлем өзімен бірге өмір сүріп келеді. Осы өзгеше бір әлемнің есігін ашуға көмектесетін сабақ – психология сабағы, психологиялық тренингтер. Оқушылар қинаған сұрақтарды сөзбен жеткізе алмайды, бірақ тренингтер арқылы сыртқа шығара алады. Ондай оқушылармен жеке сөйлесем, психологиялық кеңес берем, сұхбаттардан кейін оқушылардың ой танымы өзгереді. Психологиялық тренингтердің ерекшелігі, оған нашар оқитын оқушылардың өздері де қызыға қатысады. Әр түрлі ойындар тест арқылы жағымсыз, тұйықтық, жасқаншақтық сияқты мінездерден арылтуға көмектеседі.

Заманға сай инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеру және жұмыста қолдану психологтардың міндеті болып саналады. Керекті психологиялық материалдарды Интернет желісінен тауып алу, оны зерттеу, салыстыру және тиімді қолдану арқылы оқушы жан-жақты, іздемпаз, шығармашыл тұлға болуына мүмкіншілік туғызады. Болашақта қабілеттерін дамытуына ықпалын тигізеді.

Өзім психолог болған соң мектептегі оқушы мен оқушы, оқушы мен ата-ана және пән мұғалімі мен оқушылар арасындағы қарама-қайшылық жағдайларды болдырмауға және оның алдын алуға тырысамын. Адамы мен заманы да дағдарысқа ұшыраған қазіргі кезде балаға көмек көрсетіп, күйзелістен шығуға жол көрсететін психолог мамандары. Сондықтан, қазіргі заманда мектепте психолог маманы болуы қажет деп есептеймін.

Авторлар туралы мәлімет Сведения об авторах

АБУЛОВА Лайла Шокимовна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» УОАКО. Костанайская область.

АДИШБЕКОВА Айгүл – «Оңтүстік бастауыш мектебі» КММ-нің педагог-психологы. Оңтүстік ауылы, Телеби ауданы, Түркістан облысы.

АҚКӨЗОВА Қарылғаш Қосбармақызы – Ы. Алтынсарин атындағы орта мектебінің педагог-психологы. Бейнеу ауданы, Маңғыстау облысы.

БАБУЛОВА Галия Жусуповна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» УОАКО. Костанайская область.

БАҚТЫҒАЛИЕВА Бұлдыгүл Бақтығалиқызы – Пятимар жалпы орта білім беретін мектебінің педагог-психологы. Жаңақала ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

БИСЕНОВА Жанар Ислямғалиевна – №47 ЖОББМ шағын орталық педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

ДЕШ Наталья Константиновна – педагог-психолог Дмитриевской основной средней школы. Бұрабайский район, Акмолинская область.

ЗАКОРА Татьяна Дмитриевна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» УОАКО. Костанайская область.

ИЛИЯСОВА Нагима Дуйсенбаевна – С. Сейфуллин атындағы №52 жалпы орта мектебінің педагог-психологы. Ж. Ералиев а/о, Жетісай ауданы, Түркістан облысы.

ИРГАЗИЕВА Жанар Муратовна – Құрманғазы ауданының зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы КММ психологы. Атырау облысы.

ИСМАГУЛОВА Айдана Жүрсінқызы – «Рудный қаласы білім бөлімінің №19 жалпы білім беретін мектебінің психологы. Қостанай облысы.

КАЙСАГАЛИЕВА Дилара Бектемировна – Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп – гимназия – интернатының әлеуметтік педагогы және өзін-өзі тану пәні мұғалімі. Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

КАСЕНОВА Арнауль Нуржановна – «Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің педагог-психологы. Қорғалжын ауданы, Ақмола облысы.

КӘРІМ Мархаббат Оразқызы – Қызыларай мектебінің психологы, Ақжарық селосы, Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы.

КУТУБАЕВА Айгүл Канагатовна – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» УОАКО. Костанайская область.

НАЙМАНОВА Жанара Тулепбергеновна – Жалаңтөс Баһадүр Сейтқұлұлы атындағы олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің психологы. Қызылорда қаласы, Қызылорда облысы.

СИХОВА Бибигул Усербаевна – Ш. Жексенбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-бөбекжай кешенінің психологы. Бөкей ордасы ауданы, Батыс Қазақстан облысы.



Индекс 75487

Мектептегі психология - Психология в школе журналы

құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған.

Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

**Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!**

		Басылым индексі																														
		АБОНЕМЕНТ																														
Мектептегі психология - Психология в школе		75487																														
		Комплекті саны																														
2021 жылға, айлары																																
<table><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td colspan="2">қайда</td><td colspan="12"></td></tr></table>																			қайда													
қайда																																
(почта индексі)		(мекен-жайы)																														
кімге		(аты, жөні)																														
<table><tr><td></td><td></td></tr><tr><td>ПВ</td><td>орны</td></tr></table>				ПВ	орны	Тасымалдау карточкасы																										
ПВ	орны																															
		75487																														
		Басылым индексі																														
Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...теңге ...тиын	комплекті саны																													
		...теңге ...тиын																														
2021 жылға, айлары																																
<table><tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td></tr><tr><td colspan="2">қайда</td><td colspan="10"></td></tr></table>				1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	қайда																
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12																					
қайда																																
қайда																																
(почта индексі)		(мекен-жайы)																														
кімге		(аты, жөні)																														

